

БЕКІТЕМІН

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ

Басқарма Төрағасы – Ректор,

З.Ғ. Д. профессор, қабылдау

комиссиясының төрағасы

Бурибаев
2026 ж.



**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР»
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ТҮСЕТІНДЕР ҮШІН
АРНАЙЫ ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Талдықорған 2026 ж.

1. Жалпы ережелер

1. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсуге арналған арнайы емтихандарды өткізу туралы ереже (бұдан әрі — ереже) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқытылғанға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 18-тармағына сәйкес әзірленді (2018 жылғы «31» қазандағы № 600).

2. ЖОО-да арнайы емтихан өткізу үшін емтихан комиссиясы құрылады.

3. Арнайы емтихан өткізу нысаны-педагогикалық жағдайларды шешу.

4. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнайы емтихан өткізіледі, ол «қабылдау/қабылдамау» нысанда бағаланады.

2. Арнайы емтихан өткізу тәртібі

5. «Педагогика ғылымдары» білім беру саласының бакалавриат бағдарламасына түсушілер үшін арнайы емтихан әңгімелесу (педагогикалық мәселені шешу) түрінде өткізіледі. Әр үміткерге әңгімелесуге 10 минут уақыт беріледі.

6. Арнайы емтихан тапсыруға үміткерлер университет сайтында емтихан тапсыруға өтініш беруі керек - <http://zhetysu.edu.kz/>, «оқуға түсушілер» бөлімінде.

7. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар

* Жеке куәліктің түпнұсқа құжаттың болуы;

* Көк немесе қара қалам.

Өтінішті қабылдаған жағдайда өтініште көрсетілген өтініш берушінің электрондық поштасына «арнайы емтиханды» тапсыру күні мен уақыты жіберіледі.

8. Арнайы емтихан қорытындысы қабылдау ведомостпен ресімделеді

9. «Арнайы емтиханнан» өту қорытындысы бойынша оқуға түсушіге арнайы емтиханды тапсыру хаттамасынан электрондық форматта үзінді көшірме беріледі, оны университет сайтындағы ақпараттық жүйе арқылы алуға болады <http://student.zhetysu.edu.kz:8060/vipiska>.

10. Арнайы емтиханды бағалау кезінде талаптарды сақтау және даулы мәселелерді шешу, арнайы емтихан тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде ЖОО-да апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия арнайы емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

11. Апелляциялық өтінішті апелляциялық комиссия төрағасына арнайы емтиханнан өткен адам жеке өзі береді. Өтініштер арнайы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссияда бір күн ішінде қаралады.

12. Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке негізде жұмыс істейді. Егер үміткер апелляциялық комиссияның отырысына келмесе, оның апелляциялық өтініші қаралмайды.

3. Арнайы емтиханнан өтуге үміткерлерге қойылатын талаптар:

- қоғамдағы мінез-құлық ережелері (этика және этикет);
- қақтығыстарды шешу ережелері мен әдістері;
- адамгершіліктің негізгі принциптері мен нормалары; гуманизм ұғымдары, ар-ождан бостандығы.
- өмірлік тәжірибе негізінде педагогикалық мәселелерді шешу;
- педагогикалық жағдаяттар шешімдерді болжау мен жобалауды жүзеге асыру;
- педагогикалық жағдаяттардың мәселелерді шешу жолдарын жобалау;
- басқа адамды түсіну және қабылдау, эмпатия жасау, төзімділік;
- басқа адамдармен ынтымақтасу: шешім қабылда, шағын топтарда проблемалар, диалог және пікірталас жүргізу;
- педагогикалық міндеттердің стандартты емес, шығармашылық шешімдерді табу;
- педагогикалық мәселелердің шешу;
- қоғамдағы белсенді психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттесу;
- эмоционалды-ерікті реттеу, әлеуметтік маңызы бар құндылықтар бағыттау

4. Бағалау критерийлері:

Емтихан комиссиясы оқуға түсушілердің келесі кәсіби маңызды қасиеттерін бағалайды:

- адамдармен қарым-қатынас және қарым-қатынас дағдылары (байланыс орнату);
- әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті;
- сауатты және нақты сұрақтар қою мүмкіндігі;
- алынған ақпаратты қол жетімді тілде жеткізе білу;
- оқиғаларды жылдам шарлай білу, барабар шешім қабылдау;
- шығармашылық ойлау;
- объективтілік;

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтихан тапсыруға қалай өтініш беруге болады

1 қадам : Өтініш беру.

Өтінімді қалдырмас бұрын, төмендегілерді құжаттарды алдын ала дайындаңыз:


- Жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық нұсқасы;
- E-mail электрондық пошта;
- Білімі туралы құжаттың электрондық нұсқасы (аттестат қосымшасымен) ;
- ҰБТ сертификаты электронды түрде.

А) І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жеке сайтына кіріңіз
<http://zhety-su.edu.kz/>

Б) ашылған терезеде «түсушілер» бөліміне кіріңіз;



В) «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтихан тапсыруға өтінім беру батырмасын басыңыз;



Г) Ашылған терезеде көрсетілген қысқаша нұсқаулық бойынша жеке мәліметтеріңізді толтыру қажет. Сіздің жеке деректеріңіз Жеке куәлігіңізге сәйкес келуі керек;

Арнайы емтиханға өтініш / заявление на специальный экзамен

Барлық нысандар «*» міндетті түрде толтыру / Все поля со «*» обязательны для заполнения
Құжат 10 МБ аспауы керек / Файл не должен превышать 10 МБ
Допустимые расширения файла: только (.pdf, .jpg, .jpeg, .png)

Қазақша нұсқаулық / Инструкция на русском

1. Тегі / Фамилия *

Болатханова

Д) Өтініш қабылданған жағдайда, сіз өтініште берген электрондық пошта мекенжайына «арнайы емтиханды» тапсыру мекенжайы мен күні, уақыты жіберіледі.

2 қадам: Емтиханның басталуы

А) Емтихан күні сіз белгіленген уақыттан 10 минут бұрын келуіңіз керек.

Ескерту !!! Үміткерлерде өздерімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттын түпнұсқасы болуы керек. Арнайы емтихан кезінде жазу жүргізіледі. Емтихан кезінде үміткерлер сабырлық сақтау керек!!!


3 қадам: Арнайы емтихан нәтижесін алу үшін

А) І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жеке сайтына кіріңіз
<http://zhety-su.edu.kz/>

Б) ашылған терезеде «түсушілер» бөліміне кіріңіз;



В) Әрі қарай "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша арнайы емтиханның нәтижесін алу батырмасын басыңыз.



Г) Келесі ашылған терезеде үміткер өзінің «ЖСН» жазып, емтихан нәтижесін жүктей алады.

**Педагогика және психология
кафедрасының меңгерушісі:**

Б.Альмухамбетова

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы:**

Ә. Мейрамбек

Сұрақтардың үлгісі

Педагогикалық жағдаят №1 **Болашақ педагогтің кәсіби келбеті**

Сіздің ойыңызша, болашақ педагог қандай болуы керек? Қазіргі білім беру жүйесінің даму жағдайында ол қандай кәсіби және тұлғалық қасиеттерге ие болуы тиіс? Сіздің пікіріңізше, бүгінгі күні осы қасиеттерді бойына сіңірген мұғалімдердің мысалдарын келтіріңіз. Өз көзқарасыңызды негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №2 **Үзіліс кезіндегі оқушылар арасындағы жанжал**

Үзіліс кезінде сіз 4-сыныптың екі оқушысының төбелесіп жатқанын байқадыңыз. Сіздің ескертуіңіз бен қатысуыңызға қарамастан, олар жанжалды тоқтатпай, төбелесті жалғастыра берді. Сіз олардың жанына барып, төбелесті дереу тоқтатуды талап еттіңіз.

Осы жағдайда әрекет ету алгоритмін сипаттаңыз. Жанжалды реттеу және осындай жағдайлардың алдын алу үшін қандай педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолданар едіңіз?

Педагогикалық жағдаят №3 **Баладағы агрессивті мінез-құлықтың көрінісі**

Екінші сынып оқушысының анасы мұғалімге келесі сұрақпен жүгінді:

«Ұлым соңғы кезде қаталдау әрі өкпешіл болып барады. Оның әкесі мен атасы да қатал, ашуланшақ адамдар болған және ренішті кешіре алмайтын. Мұндай мінез-құлық тұқым қуалауы мүмкін бе?»

Ата-ананың бұл сұрағына қалай жауап берер едіңіз? Анасына қандай ұсыныстар берер едіңіз? Өз ұстанымыңызды негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №4 **Педагог мамандығын насихаттау**

Сізге педагог мамандығын насихаттауға бағытталған жарнамалық презентация мен сценарий дайындау тапсырылды.

- Материалдарыңызда қандай негізгі идеялар мен құндылықтар көрініс табады?
- Педагог мамандығының маңыздылығы мен артықшылықтарын қалай көрсетесіз?
- Заманауи педагогтің сөздік портретін құрастырыңыз.

Педагогикалық жағдаят №5 **Инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру**

Сіздің сыныбыңызда ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы білім алады. Алайда сыныптастары онымен қарым-қатынас жасауға, қолдау көрсетуге немесе бірлескен іс-әрекетке тартуға аса қызығушылық танытпайды.

- Бұл жағдайға қалай әрекет етер едіңіз?
- Сыныпта толерантты қарым-қатынас пен өзара көмек мәдениетін қалыптастыру үшін қандай педагогикалық шаралар ұйымдастырар едіңіз?
- Өз әрекеттеріңізді инклюзивті білім беру қағидаттары тұрғысынан негіздеңіз.